

FTAMP 03.81.51

<https://doi.org/10.26577/JOS202611835>**Ш.С. Калиева^{1*}** , **Ж.М. Белтенев²** ¹Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан²Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейі, Алматы, Қазақстан

*e-mail: shynarsayahat@gmail.com

**АРАБ ҚОЛЖАЗБА ДӘСТҮРІНДЕГІ
ҚАРУ-ЖАРАҚТАРДАҒЫ САКРАЛДЫ МӘТІНДЕР
(Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейінің
коллекциясы негізінде)**

Мақала Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейінің «Қару-жарақ және қорғаныс жабдықтары» коллекциясында сақталған қару-жарақ үлгілеріндегі араб графикасымен жазылған сакралды мәтіндерді деректанулық және эпиграфикалық тұрғыдан зерттеуді мақсат етеді. Қордағы мыңнан астам қару-жарақ арасынан арнайы таңдалған бірегей жәдігерлер тұңғыш рет ғылыми айналымға енгізіліп отыр. Араб жазуы бар артефактілер қазақ жеріндегі ислам мәдениетінің бұған дейін арнайы зерттелмеген жаңа қыры – қару-жарақ дәстүріндегі көрінісін сипаттайтын құнды дереккөздер саналады. Музей қорындағы қару-жарақтарда жазылған Құран аяттары, дұғалар, апотропеикалық мәтіндердің мазмұнын анықтау, оларды қазақ тіліне аудару, мәтіннің жазылу мақсаты мен тақырыбын айқындау, түрлі соғыс және қорғаныс құралдарындағы қолданылу ерекшеліктерін талдау – осы мақалада қолданылған зерттеу әдістері мен тәсілдерін көрсетеді. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде араб графикасымен жазылған мәтіндердің үнемі араб тілінде және діни мазмұнда бола бермейтіні анықталды. Сонымен қатар қару-жарақтағы жазу сакралды, қорғаныштық мақсаттан тыс ақпараттық, меншік белгісі, әскери немесе әлеуметтік мәртебе көрсеткіші сияқты қосымша қызмет атқарғаны айқындалды. Зерттеу нәтижелері ислам діні мен араб жазуының таралу географиясын, сондай-ақ олардың мәдени, әлеуметтік және этнографиялық қызметтерінің ерекшеліктерін нақтылауға мүмкіндік береді. Қару-жарақтарда араб графикасымен жазылған мәтіндерге жасалған талдау араб-мұсылман өркениетінің шығыс халықтарының рухани және материалдық мәдениетіне ықпалын айқындау арқылы осы саладағы алдыңғы зерттеулердің мазмұнын тың тұжырымдармен байытады. Мұнымен қатар осы тектес эпиграфикалық және заттай дереккөздерді тарих, тіл білімі, исламтану, этнография және мәдениеттану тоғысындағы пәнаралық әдістерді қолдана отырып зерттеу шығыстану ғылымының деректанулық маңызын арттыра түседі.

Түйін сөздер: эпиграфика, араб қолжазба дәстүрі, қару-жарақ, Құран, сакралды мәтін, араб-мұсылман өркениеті, араб графикасы.

Sh.S. Kaliyeva^{1*}, Zh.M. Beltenov²

¹Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan²National Central Museum of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: shynarsayahat@gmail.com

**Sacred Texts on Weapons in the Arabic Manuscript Tradition
(based on the Collection of the National Central Museum of the Republic of Kazakhstan)**

The aim of this article is to conduct a source-critical and epigraphic analysis of sacred texts inscribed in the Arabic script on samples of weapons and armor from «the Weapons and Protective Equipment» collection of the National Central Museum of the Republic of Kazakhstan. This study introduces into scholarly circulation, for the first time, a selected group of artifacts from the museum collection, which comprises more than one thousand objects. The artifacts bearing inscriptions in the Arabic script constitute valuable historical and epigraphic sources that reveal a previously insufficiently studied aspect of the spread of Islamic culture and the Arabic language in the territory of present-day Kazakhstan, namely, their manifestation in the tradition of manufacturing weapons and armor.

The study demonstrates that texts written in the Arabic script are not invariably Arabic in language or religious in content. Furthermore, it has been established that inscriptions on weapons served not only sacred and apotropaic (protective) purposes but also fulfilled additional functions, including the communication of information, the indication of ownership, and the representation of military and social status. The findings make it possible to refine our understanding of the geographical spread of Islam and

Arabic writing, as well as the cultural, ethnographic, and social functions they performed. The analysis of the epigraphic texts enriches previous scholarship by offering new insights into the influence of Arab-Islamic civilization on the spiritual and material culture of the peoples of the East. Moreover, the interdisciplinary study of these epigraphic sources, situated at the intersection of history, ethnography, cultural studies, Islamic studies and linguistics, underscores the continuing relevance and significance of Oriental Studies as a field of academic research.

Keywords: epigraphy, Arabic manuscript tradition, weapons and armor, Qur'an; sacred texts, Arab-Islamic civilization, Arabic language, Arabic script.

Ш.С. Калиева^{1*}, Ж.М. Белтенев²

¹Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан

²Национальный центральный музей Республики Казахстан, Алматы, Казахстан

*e-mail: shynarsayahat@gmail.com

Сакральные тексты на оружии в арабской рукописной традиции (на основе коллекции Национального центрального музея Республики Казахстан)

Цель статьи – проведение источниковедческого и эпиграфического анализа сакральных текстов, выполненных арабской графикой на образцах оружия и доспехов из коллекции «Оружие и защитные снаряжения» Национального центрального музея Республики Казахстан. В научный оборот впервые вводятся специально отобранные образцы артефактов из музейного фонда, насчитывающего более тысячи единиц хранения. Артефакты, с надписями арабской графикой представляют собой ценные историко-эпиграфические источники, отражающие ранее недостаточно изученный аспект распространения исламской культуры и арабского языка на территории Казахстана – их проявление в традиции изготовления оружия и доспехов.

В результате исследования установлено, что тексты написанные арабской графикой, не всегда являются арабскими и религиозными по содержанию. Кроме того, выявлено, что надписи на оружии кроме сакрального и защитного назначения, выполняли дополнительные функции, такие как информационные, имущественные знаки, показатели военного и социального статуса. Результаты исследования позволяют уточнить географию распространения ислама и арабской письменности, а также особенности их культурных, этнографических и социальных функций. Анализ эпиграфических текстов обогащает содержание предыдущих исследований в этой области новыми выводами, раскрывая влияние арабо-мусульманской цивилизации на духовную и материальную культуру народов Востока. Кроме того, изучение таких эпиграфических источников по междисциплинарным методам на стыке истории, этнографии, культурологии, исламоведения и лингвистики, обоснует актуальность значения востоковедческой науки.

Ключевые слова: эпиграфика, арабская рукописная традиция, оружие и доспехи, Коран, сакральный текст, арабо-мусульманская цивилизация, арабский язык, арабская графика.

Кіріспе

Араб қолжазба дәстүрі – араб-мұсылман өркениетінің бай мұрасындағы ерекше құбылыстардың бірі. Араб тілі қасиетті Құранның тілі ретінде ең алдымен өз отанында жаңа дінді тарату мен орнықтырудың маңызды құралы болды. Исламның кең таралуына байланысты араб тілі мен жазуы біртіндеп жаңа дінді қабылдаған басқа халықтардың дүниетанымына, рухани және мәдени өміріне жан-жақты ықпал етті. Нәтижесінде әртүрлі аймақтарда жергілікті тарихи және мәдени ерекшеліктермен тығыз сабақтасқан жаңа сипаттағы қолжазба дәстүрлер қалыптасты. Бұл дәстүрлер жаңа мұсылман халықтары арасында араб жазуының кең қолданыс табуымен қатар, ислам діні жайлы білімнің, діни мәтіндердің және жазба мәдениеттің таралуына негіз болды. Осы үдерістердің нәтижесінде Мәуараннаһрда араб-

мұсылман жазба мәдениетінің өзіндік дәстүрі қалыптасты. Оның ықпалы қазірге кезеңге дейін жеткенін кітапханалар, сирек қорлардағы қолжазбалармен қатар музейлерде сақталған түрлі тарихи жәдігерлердегі араб жазулы мәтіндерден көруге болады. Кез келген заттай мұраларда сақталған бұл тектес мәтіндер жазба мәдениеттің маңызды ажырамас бөлігі саналатыны, сондай-ақ оның тарихи, ғылыми құндылығы жайлы жиі айтылып жүргенімен күні бүгінге дейін бұл мұралардағы жазулар түрлі себептермен толыққанды зерттеу нысанына айнала қойған жоқ. Ал жекелеген еңбектер бұл салада кешенді зерттеулер қажет екенін көрсетіп отыр.

Араб қолжазба дәстүрінің тек қағаз беті, кітап мәдениетімен шектелмей басқа да түрлі материалдық мәдениет ескерткіштерде де таралғандығының анық бір мысалы – қару-жарақ пен сауыт-саймандарда кездесетін

сакралды мәтіндер. Бұл құбылыс құран мәтінінің негізгі діни қызметінен бөлек қорғаныштық және символдық қызметтерінің ислам дүниетанымындағы маңызы мен мәнін айқындайды. Қару-жарақ пен сауыт-саймандарды араб тілі мен қолжазба дәстүрін Мәуараннаһр аймағында таратушы материал ретінде арнайы қарастыру осы зерттеудің *өзектілігін* танытады. Осыған сай *зерттеудің нысанына* Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейінің коллекциясында бүгінгі күні сақталған қару-жарақ пен сауыт-саймандардағы араб графикасымен жазылған мәтіндер алынды. Зерттеу *пәні* болып қару-жарақ пен сауыт-саймандарда кездесетін мәтіндердің тілі, семантикасы, функционалдық ерекшеліктері және тарихи-мәдени контекстегі орны белгіленді.

Зерттеу мақаланың мақсаты – Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейінің қорындағы қару-жарақ пен сауыт-саймандарда сақталған мәтіндердің тілдік және мазмұндық ерекшеліктерін, семантикасы мен қызметін анықтау, оларды араб қолжазба дәстүрі контекстінде талдау. Зерттеудің міндеттері:

- Музей қорындағы қару-жарақтардағы араб графикасымен жазылған мәтіндерді анықтау, жүйелеу;

- Мәтіндердің тілін анықтау, мазмұндық құрамын талдау;

- Мәтіндерге типологиялық, семантикалық талдау жасау;

- Артефактілердегі жазуларды өзара салыстыру, ортақ белгілері мен айырмашылықтарын анықтау;

- Сакралды мәтіндердің араб қолжазба дәстүріндегі қызметін анықтау, араб-мұсылман мәдениетіндегі орнын көрсету.

Зерттеу барысында қару-жарақ пен сауыт-саймандар бетіне жазылған араб графикалы мәтіндер кітаби қолжазба мәдениеттің материалдық мәдениеттегі ерекше көрінісі екендігі анықталады. Әскери бұйымдарға құран аяттары, дұғалар мен діни формулалар сәндік үшін немесе ақпараттық мақсатпен емес, қару-жарақтың қорғаныш, діни, идеологиялық және символдық мәнін арттыру үшін жазылғаны тұжырымдалады. Қарастырылған зерттеу нысаны араб-мұсылман өркениетінде жазба мәдениет пен әскери мәдениеттің өзара мағыналық байланысы болғанын дәлелдейді.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейі

коллекциясында сақталған қару-жарақ пен сауыт-саймандардағы араб графикалы мәтіндерді тек қарапайым жазу үлгілері немесе таңбалар ретінде ғана емес, тіл, мәдениет, дін, тарих салалары мен әскери өнердің байланысын бейнелейтін жазба ескерткіштер мен тарихи дереккөздер ретінде пәнаралық әдістер арқылы қарастырумен айқындалады. Бұл әдіс музей қорларындағы заттай мұраларда араб графикасымен жазылған мәтіндерінің мазмұны мен қызметін кеңірек түсінуге, олардың араб-мұсылман жазба мәдениетіндегі орны мен қызметін анықтауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты зерттеу нысанына алынып отырған артефактілердегі мәтіндерді араб қолжазба дәстүрінің бір көрінісі ретінде зерттеу шығыстану ғылымының деректанулық, этнографиялық және исламтанулық бағыттарының мазмұнын толықтырумен қатар, қолжазба дәстүрі мен материалдық мәдениет арасындағы байланысты тереңірек қарастырудың қажеттілігін көрсетеді.

Материалдар мен әдістер

Мақаланың негізгі материалдық базасы ретінде Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейінің «Қару-жарақ және қорғаныс жабдықтары» коллекциясында сақталған бірнеше қару-жарақ үлгілері алынды. Зерттеуге араб графикасындағы мәтіні бар әскери әскери және қорғаныс мақсатындағы бұйымдар таңдалды. Олардың қатарында қанжар, дулыға, қылыш, кездік бар. Қарастырылған артефактілердегі жазулардың басым бөлігі Құран аяттары, дұғалар, діни формулалар мен сакралды сипаттағы араб мәтіндері саналады. Сонымен қатар жекелеген бұйымдарда төте жазу үлгілері кездеседі. Бұл дереккөздерде араб жазба мәдениетінің әскери бұйымдарда көрініс табу ерекшелігін және сакралды мәтіндердің материалдық мәдениет үлгілеріндегі қызметін анықтауға қажетті мәліметтер сақталған.

Қарастырылып отырған зерттеу нысанының сипатына сәйкес басты зерттеу әдісі ретінде деректанулық талдау алынды. Бұл талдау әдісі музей материалдарының тарихи және мәдени дереккөз ретіндегі құндылығын анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеудің пәнін анықтау үшін эпиграфикалық, типологиялық және семантикалық әдістер қолданылды. Араб графикасындағы мәтінді оқып, мағынасын анықтау эпиграфикалық әдіспен жүзеге асырылады. Типологиялық

әдіс арқылы мәтіндердің мазмұны мен жазылу мақсатын анықтап, Құран аяттары, дұғалар, діни формулаларға жіктеуге болады. Семантикалық талдау жазулардың діни, апотропеикалық мәні мен мәртебелік маңызын анықтау үшін қолданылады. Қару-жарақтардағы жазуларды өзара салыстыру олардың тақырыптық ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ажыратып, сакралды мәтіндердің қолжазба дәстүрінен әскери бұйымдарға ауысу ерекшеліктерін айқындауға жол ашады.

Әдебиеттерге шолу

Қару-жарақтардағы араб графикалы мәтіндерге арналған шетелдік зерттеулер мазмұнынан бұл жазбалардың негізінен әскери тарих, эпиграфика, ислам өнері және материалдық мәдениет контексінде қарастырылғанын байқауға болады. Аталған бағыттағы зерттеулерде қару-жарақ тек әскери мақсаттағы бұйым ғана емес, діни, мәдени және тарихи ақпаратты сақтаушы маңызды дереккөз ретінде бағаланады. Осы тұрғыдан исламдық араб-мұсылман өркениетінің жазба мұрасын зерттеудің дербес ғылыми бағыты ретінде эпиграфика қалыптасты.

Исламдық эпиграфика теориясының негізін қалаған зерттеушілердің бірі Шейла Блэр араб графикалы жазбаларды материалдық мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде қарастырып, олардың діни, мәдени, саяси, мемориалдық және көркемдік қызметтерінің өзара сабақтастығын атайды (Blair, 1994). Ғалымның пайымдауынша, эпиграфикалық мәтіндер – ислам қоғамының діни дүниетанымы мен мәдени құндылықтарын бейнелейтін бірегей тарихи дереккөз. Осыған байланысты Блэр ұсынған теориялық-әдіснамалық қағидалар осы мақаланың нысанына алынған қару-жарақтардағы жазуларды зерттеу барысында басшылыққа алынады. Исламдық қару-жарақтардағы жазулардың мазмұны мен қызметіне қатысты маңызды мәліметтерді The Metropolitan Museum of Art жариялаған материалдардан көруге болады (Alexander, 2015). Метрополитен-музей зерттеулеріне сәйкес, исламдық қару-жарақтардың бетіне Құран аяттары, дұғалар, Алланың көркем есімдері мен түрлі діни формулалар жиі түсірілген. Мұндай мәтіндердің қару иесінің діндарлығын танытумен қатар, айқын апотропеикалық мән, әлеуметтік мәртебе, билікке қатыстылық немесе идеологиялық ұстаным танытушы қызметтері

болған. Сондықтан әр әскери бұйым дербес тарихи дереккөз ретінде мәнге ие.

Орта ғасырлардағы ислам әскери мәдениетін зерттеуші Дэвид Николль қару-жарақтардағы эпиграфиканың дереккөз ретіндегі ерекшеліктерін зерделейді (Nicolle, 2022). Николль қару-жарақта сақталған мәтін арқылы оның атрибуциясын жасауға болатынын нақты алынған қару – қанжардың негізінде оның жасалған уақытын, иесін, жасауға тапсырыс берушіні, сондай-ақ тарихи кезеңді анықтау мүмкіндігін көрсетеді. Зерттеуші эпиграфикаға ислам әлемі бойынша әскер, билік және мәдени құрылым жайлы маңызды дереккөздер ретінде қарауға назар аудартады.

Жалпы алғанда шетелдік зерттеулерде исламдық қару-жарақтардағы араб графикасымен жазылған мәтіндер тарихи, идеологиялық және көркемдік тұрғыдан жиі қарастырылған (Blair, et al, 1994, Kadoi, 2022). Сондай-ақ бұл еңбектер көбіне зерттеу нысаны ретінде Таяу Шығыс, Иран және Осман мемлекеті материалдарын негізге алады. Ал Орталық Азия, әсіресе, Қазақстан музейлерінің қару-жарақ коллекцияларындағы араб графикасымен жазылған мәтіндер деректанулық тұрғыдан күні бүгінге дейін жеткілікті деңгейде қарастырылмай келеді. Осы себепті аталып отырған музейлік артефактілердегі жазуларды талдау әскери мәдениет тарихы мен эпиграфика бойынша зерттеулерді тың деректермен толықтыра алады.

Араб мәдениетінің тарихында араб каллиграфиясы (الخط العربي) маңызды өркениеттік мәнге ие құбылыстардың бірі (Крачковский, 2015), (Халидов, 1985). Араб жазуы өз дамуында Құран мәтінін жеткізудің негізгі графикалық құралы болумен қатар, материалдық мәдениет нысандарын көркем безендіруге жан-жақты қолданылды. Осы ерекшелігіне сай ғасырлар бойы оның эстетикалық, идеологиялық және діни қызметтері бір-бірімен өзара байланыста қатар қолданылып келеді. Араб жазуы әлемдік жазба мәдениет пен ислам өнерінде әртүрлі нысандар мен бұйымдарда кеңінен қолданыс тапты. Сондықтан араб графикалы жазулардың тарихи, идеологиялық және мәдени-ақпараттық қызметі оның көркемдік ерекшелігімен қатар тұрады. Қай өңірде, қашан және қай мәдени нысанда немесе бұйымда жазылса да араб графикасының бір мезгілде бірнеше сала бойынша ақпарат беруші дереккөз ретіндегі қызметі бірегей, сондықтан әрқайсысы жеке

қарастыруды қажет етеді. Шығыстанушы ғалым В.А.Крачковская араб эпиграфикасының міндеті мәтінді оқып, мазмұнын дұрыс айқындау болса, оған әсер ететін факторлардың бір-бірімен тығыз байланысты екендігіне, дереккөзбен жұмыстың жауапкершілігіне назар аударады (Крачковская, 1937:128).

Орталық Азия халықтарының қару-жарағы тарихы мен типологиясын Л.А.Бобров, Ю.С.Худяков және басқа зерттеушілер қарастырды (Бобров, 2024), (Худяков, 1991). Ол еңбектерде қару-жарақ түрлері мен ерекшеліктері, құрылымы мен эволюциясы анықталғанмен, музейлік артефактілердегі сакралды мәтіндер арнайы талданбады.

Аймақта таралған әскери өнерді зерттеуші Ю.С. Худяков жазба және археологиялық материалдық дереккөздерге сүйене отырып ортағасырлық көшпелі қоғамның қару-жарақ жүйесі мен әскери тактикасының эволюциясын көрсетіп берді. Ғалым XI-XIV ғасырларды б.з. II мың жылдығының I жартысындағы бұл аймақтағы әскери істің аса маңызды кезеңі деп атай отырып, Еуразия континентіне моңғолдар бастап барған шабуылдардан әлемдік өркениеттің орталығы қатты қысым көргенін айтады. Сонымен бірге көшпенділердің бұл саладағы жетістіктері өз территорияларынан асып әлемдік тарихтың өзгеруіне себеп болды деп тұжырымдайды (Худяков, 1991:3). Зерттеушілер көшпенділердің қару-жарақ кешенінің олардың ат өнерімен, ұрысты қашықтан жүргізетіндігімен тығыз байланысты екенін атаумен қатар, олардың әскери тәжірибесінің басқа халықтардың арасында тез арада танылып, кең тарағанын тактикалық шеберлік деп түсіндіреді (Худяков, 1991:169).

Ғалымдар кейінгі Ортағасырларды Орталық Азиялық тарихи-мәдени аймақтың көшпелі халқының соғыс және әскери өнерінің тарихындағы маңызды кезең екенін атайды. Бұл көшпенділердің әскери өнерінің соңғы тарихи кезеңі әлемдік отырықшы өркениет өкілдері саналатын ірі державалардың әскери күшіне төтеп бере алатын дербес, әрі аса қуатты әскери күшке айналған кезеңі болды деп санайды. Қару-жарақ пен әскери сала көшпенділер өркениеті мен Еуразияның бүкіл дала белдеуіндегі мәдениеттің пайда болуына, өмір сүруіне дамуына қажет сала болды (Бобров, 2008:5). Зерттеушілер сондай-ақ музейлерде сақталған қару-жарақ түрлерінің атрибуциясы жасалып,

хронологиясы мен мәдени сипаттамасы анықталған жағдайда көшпенділердің кейінгі Ортағасырлардағы әскери тарихы бойынша маңызды ақпараттық дереккөз болатынына назар аудартады (Бобров, 2008:9). Ғалымдардың пайымы бойынша көптеген ертедегі және ортағасырлық көшпенді халықтар үшін қару-жарақ табыну құралы да болған. Атап айтқанда қару-жарақты жанды деп санап, оған ат беру, кейде ерекше қиялға тең қасиет таңу дәстүрі болған. Бүгінгі күнге жеткен көптеген қару-жарақ түрлері ерекше өрнектеліп, қымбат металмен қапталған, оюланған, арнау немесе қасиетті діни мәтін жазылған – қару-жарақ зерттеушілері мұның бәрі оның иесінің биік әлеуметтік статусы мен қару-жарақтың көшпенділер қоғамында қандай рөлге ие болғанын танытады деп бағалайды. Қару-жарақтың сапасы мен оны ұрыс барысында игере білудің оның иесінің өмірін сақтауға тікелей әсері болды, сондықтан ол көшпенділер қоғамында ғасырлар бойы қару жасау өндірісінің аса маңызды өнімі саналып келді.

Қазақ халқының дәстүрлі қару-жарағын этникалық мәдениеттің аса құнды құрамдас бөлігі ретінде кешенді қарастырған зерттеулердің қатарында Қ.Ахметжанның «Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы» еңбегі басты орын алады (Ахметжан, 2022). Зерттеуші қару-жарақтың қоғамдағы қызметі ұрыс және қорғаныспен шектелмейтініне баса назар аударады және дәстүрлі қару-жарақтың әскери өнермен қоса халықтың дүниетанымындағы бірегей мәнін жан-жақты талдайды. Сонымен қатар еңбекте қазақ дәстүрлі қару-жарақ түрлерін жіктеу мен жүйелеудің басты принциптері негізделіп, оларды жасау, өңдеу, көркемдеу, өлшемін анықтау сияқты мәселелер жан-жақты қарастырылады. Ғалым қару-жарақтарда ислам дәстүрінің ықпалымен Құран аяттары, дұғалар және діни мазмұндағы формулалардың қолданылғанын атап, бұл тектес жазулардың рухани, идеологиялық және қорғаныштық қызмет атқарғанына тоқталады (Ахметжан, 2022:167). Қ.Ахметжанның тұжырымдары Қазақстан музейлерінде сақталған қару-жарақтардағы араб графикалы мәтіндерге деректанулық талдау жасаудың өзектілігіне назар аудартады.

Этнолог Н.Әлімбаев еңбектерінде музей қорларын қалыптастыру, этномәдени мұраны жинау және сақтау, кешенді зерттеулер жүргізудің, ғылыми айналымға енгізудің өзектілігін

негіздейді. Н.Әлімбаев қазақстандық музей қорларын тарихи-мәдени ақпаратты сақтайтын стратегиялық маңызды дерекқор ретінде қарастырып, музей мен басқа қоғамдық институттардың тығыз байланыста кешенді ғылыми зерттеулер жүргізу қажеттігін тұжырымдайды. Бұл тұжырым да ҚР Ұлттық орталық музейі қорындағы араб графикалы мәтіндерді эпиграфикалық зерттеу нысаны ретінде жеке қарастыруды нақтылайды: «Музей ұрпақаралық және әртүрлі этносаралық диалогтарды ұйымдастыратын бірден бір институционалдық кеңістік ретінде тарихи сананы қазіргі заманғы көкейкесті өзекті мәселелерді зерделеудің тиімді құралына айналдыру қабілетіне ие болады» (Әлімбаев, 2009: 15). ҚР Ұлттық музейі қорындағы әскери артефактілердің бірі шығыршықты бас жабынын зерттеген ғалымдар бұйымның құрылымдық, типологиялық белгілерін және аймақтық ерекшеліктерін Орталық Азияның тарихы мен мәдениеті аясында қарастырған. Еңбек Қазақстан музейлері қорындағы қару-жарақ үлгілерін атрибуциялау, кешенді деректанулық зерттеу әдістерін ұсынуымен құнды (Бобров, 2024:670).

Музей қорындағы араб графикалы артефактілерге арналған санаулы еңбектердің бірінде Ж.Белтенев бірнеше ескерткішті мазмұндық жағынан жүйелеп ғылыми айналымға енгізді. Зерттеуші қару-жарақтағы көне мәтіндердің тарихи-деректік маңызын атай отырып, оларды шығыстанушы деректанушылар тарапынан кешенді зерттеудің қажеттігін негіздейді (Белтенев, 2022:17).

Шығыстанушылар Калиева Ш.С., Мустафаева А.А. деректану тек тарих пен филологияны біріктіретін ғылым саласы емес, мәдениет, дін, саясат т.б. ғылыми пәндер үшін маңызы бар кешенді ұғым екенін, сондықтан шығыс тілдеріндегі мәтіндерді зерттеу, талдау жұмыстары ешқашан өзектілігін жоймайтынын атайды (Калиева, 2025:230), (Mustafayeva A., 2025:570).

Нәтижелер және талқылау

Араб қолжазба дәстүрі өз даму тарихында қағазға түсірілген қолжазбалармен ғана шектелмей, араб графикасының материалдық мәдениет ескерткіштеріне, соның ішінде қару-жарақ пен сауыт-саймандарға қолданылуы арқылы да жалғасын тапты. Бұл жазулар

исламдық жазба мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде тарихи, мәдени және деректанулық тұрғыдан құндылыққа ие.

Әлемнің ірі кітапхана қорлары мен музейлерінде ғасырлар бойы сақталып келген қолжазбалармен қатар, араб графикасымен жазылған көптеген материалдық мұралар да бүгінгі күнге дейін ғылыми айналымға толық енгізілген жоқ. Оның басты себептері қатарында эпиграфикалық мәтіндерді оқудың күрделілігі, олардың әртүрлі тілдерде (араб, парсы, шағатай және т.б.) жазылуы, уақыт өткен сайын көнере беруі, сондай-ақ сол жәдігерлердің көбіне өнертанулық немесе қарутанулық тұрғыдан ғана сипатталып, мәтіндік мазмұнының арнайы зерттелмеуі бар.

Ислам діні мен араб жазба мәдениетінің қазақ қоғамына ықпалын зерделеу үшін дереккөздерді тек шетелдік кітапханалар мен музей қорларынан іздеу шарт емес. Отандық кітапханалар, музейлер және жеке коллекциялар да халқымыздың тарихы мен мәдениетін айғақтайтын құнды жазба және заттай мұраларға бай. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейінің қоры жоғары ғылыми маңызға ие. Мұнда бірегей қолжазбалармен қатар, тас, металл, ағаш, сүйек және қыш сияқты әртүрлі материалдардан жасалған, араб графикасымен жазылған мәтіндері бар құнды тарихи жәдігерлер сақталған. Олардың қатарында қару-жарақтар мен сауыт-саймандар жасалған кезеңі, мақсаты, материалы, безендірілуі сияқты белгілерімен ерекше орында тұрады. Ал «Қолөнер ғасырлар бойы дамып, қалыптасып келе жатқан халық творчествосының сарқылмас қайнар көзі, халық мәдениетінің айнасы» (Шоқпарұлы, 2005:6).

1. Қанжар. КП3973. Зерттеу барысында қарастырылған ерекше жәдігерлердің бірі – билік иесі салтанатты жағдайда қолданатын қанжар. Салтанатты қару – Хиуа ханының қанжары. Ташкент қаласындағы Орталық Азияның Бас мұражайынан бұрынғы Хиуа ханының жеке мүлкі коллекциясын тарату кезінде 1928 ж. 4 қазанда музей қорына берілген. Болат қанжардың сабы нефриттен жасалып, лағыл және сапфир тастармен безендірілген. Қынабы алтынмен, күміспен және асыл тастармен әшекейленген. Қанжардың сабында 22 лағыл, 10 сапфир, қынабында 594 гауһар, 12 лағыл, 14 сапфир, барлығы 652 асыл тас бар. Сабы мен қынаптан барлығы 59 тас жоғалған.

Қанжардың ұзындығы: 48,5 см; сабы: 11,5х6 см. Қынабының ұзындығы: 39 см. *Сурет-1.*

Қынабы мен қанжардың жүзінің екі бетінде каллиграфиялық үлгідегі араб жазуы берілген. Экспонат араб каллиграфиясының орта ғасырларда қару-жарақ жасау өнерімен

сабақтастығын көрсететін сирек үлгілердің бірі болып табылады. Жазулардың композициялық орналасуы олардың тек сәндік қызмет атқармағанын, сонымен қатар бұйымның сакралды-символдық мазмұнын айқындағанын көрсетеді. Экспозициядағы көрінісі:

1-Сурет



Қынаптың негізгі бетіндегі жазу *Сурет-2:*

"الله، محمد، ابو بكر، عمر، عثمان، علي"

«Алла, Мұхаммад, Әбу Бәкір, Омар, Осман, Әли»

Қынаптың орталық бөлігінде «Алла» есімімен бірге Мұхаммед пайғамбардың және төрт әділ халифа есімдерінің біртұтас каллиграфиялық композиция түрінде берілуі діни-символдық мәнді ғана емес, сонымен қатар оның көркемдік тұрғыдан да бірге жеткізілу стилін көрсетеді. Басқаша айтқанда дін жолындағы рухани сабақтастық бұл есімдер арқылы қаруға қосымша сакралды мән үстеуге қолданылған. Алланың есімі аталған жерде оның пайғамбарының, одан кейін төрт халифа есімі аталады, бірге жазылуы да олардың ислам әлемі үшін ажырамас күш екенін байқатады.

Сондықтан каллиграфияны қанжардың негізгі қару ретіндегі қызметіне қоса оның иесінің діни ұстанымы мен мұсылман ретіндегі мәдени кеңістік өкілі екендігін танытатын символдық белгі деп қарастыруға болады.

Қынаптың бірінші бетінің жоғары тұсында "دعا السلطان" «Сұлтанның дұғасы» (duā'us-Sultān), төменгі тұсында "سبب الغفران" (sababul-gufrān) «кешірімнің себебі» жазуы бар. Эпиграфикада ортағасырлық араб тілі ерекшелігіне тән ойды *садж* стилі – ұйқаспен жеткізу қолданылған. Сұлтанға арналып жасалған дұғаның Алланың кешіріміне жеткізетін игі амал екендігі афоризм түрінде берілумен қатар, қарудың ислам мәдениетіндегі символдық мәні көрініс табады. Композиция алтынмен апталып, алмас тастармен көмкерілу арқыы каллиграфияның мағынасы тереңдетілген.

2-сурет



Қынаптың екінші бетіндегі жазу 3-сурет:

"بسم الله الرحمن الرحيم"

«Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен (бастаймын)» – Құранның әр сүресінің алғашқы аяты дәстүрлі түрде мұсылманның өз ісін бастарда қолданатын Алладан қолдау, жәрдем сұрау формуласы, яғни қару иесі үшін сакралды мәнге ие мәтін.

Қынаптың екінші бетінің жоғары тұсында Құранның «Қалам» сүресінің төртінші аяты берілген:

"وانك لعلی خلق عظیم"

«Шын мәнінде сен әлбетте ұлы мінезге иесің» (68:4). Аят мүлік иесінің биік дәрежесін танытумен қатар, оған әділдік пен адамгершілік тұрғыдан жауапкершілік жүктейді.

3-сурет



Қанжардың екі бетінде бір-бір жолдан алтындалып келесі бәйіт жазылған:

شكوت إلى وكيع سوء حظي * فأرشدني إلى ترك
المعاصي
وأخبرني بأن العلم نور * ونور الله لا يهدى لعاصي.

Бәйіттің мағынасы:

«Уәкиге жадымның нашарлығына шағым еттім

Ол маған кұнадан аулақ бол деп жөн сілтеді.

Маған ғылымның нұр екенін хабар етті

Ал Хақтың (Алланың) нұры кұнаһарға берілмейді».

Бәйіт ислам әлемінде білім жолындағы нақылсөз ретінде талапкерлер арасында кең тараған, Имам Шафиғидің туындысы саналады. Бұл жолдарда Имам Шафиғи өзінің Уәкиғ есімді

ұстазына оқығаны есінде тұрмайтынын айтқанда ұстазы оған білімнің рухани тазалықпен байланысын түсіндіргені сөз болады. Білімді Алланың нұрына теңеу арқылы оған қол жеткізгісі келген адам алдымен жан дүниесін таза ұстауы керектігі ескертіледі. Мұндай бәйіттің қаруға жазылуынан терең этикалық, моральдық мағынаны байқауға болады. Бәйіт мазмұны қанжардың тек соғыс құралы емес, сонымен қатар иесінің дүниетанымы мен ар-намысының айнасы да бола алатындығын көрсетеді, яғни қару әділдікпен, дұрыс мақсатта қолданылуы тиіс. Мәтін Құран аяты емес, исламдағы төрт мәзһабтың бірінің негізін салушы имам есімімен байланысты. Мұндай бірегей мысал қарудың атрибуциясын белгілеуде маңызды мәлімет бола алады.

2. Дулыға. КП20707. Музей қорындағы қорғаныс жарағы категориясында араб

жазуымен безендірілген дулыға ерекше орын алады. Темірден жасалған, d-21,5 см. Биіктігі – 19, 5 см. *Сурет-4.*

Дулыға қолбасшыға немесе батырға арналып жасалып, төбелдірігіне, күмбезінің төрт жағына және құрсау жолақтарына алтын қақтау әдісі арқылы араб жазуымен безендірілген. Қ.Ахметжан «қару-жарақ» қос сөзінің этимологиясын түсіндіргенде сауыт, дулыға, жеңсе, тізелік т.б. әскери бұйымдарды «жарақ» атауымен қарудан бөлек қолданылатын, функциясы да бөлек, бірақ соғыста жауынгерлік жабдық ретінде қарумен бірге пайдаланатын, жаудың қаруынан қорғану үшін денеге киілетін қорғаныс құралдарына жатқызады. (Ахметжан, 2022:72). Төбелдірігіне каллиграфиялық тәсілмен сүлс үлгісінде Құранның 112-сүресі «Ықылас» жазылған:

"قل هو الله احد الله الصمد لم يلد ولم يولد ولم يكن له كفوا احد"

Аудармасы: «(Мухаммед F.C. оларға) айт: Ол Алла, біреу-ақ (1). Алла – Мұңсыз. (Әр нәрсе оған мұхтаж.) (2) Ол, тұмады да, туылмады. (3) Әрі Оған ешкім тең емес». (4) (112:1-4).

Исламның негізгі таухид қағидасын білдіретін «Ықылас» сүресінің дулығаның ең жоғары бөлігі төбелдірікке жазылуы кездейсоқ емес, мұнда Алланың жалғыздығын мен теңі жоқтығын дәріптейтін мағына дулыға иесінің сенімін білдірумен қатар, одан қорған тілеу идеясын да көрсетеді. Ислам дүниетанымындағы рухани мәні терең сүре дулығаның қорғаныштық қызметін толықтыра түседі.

Дулығаның құрсауына айналдыра Құранның «Бақара» сүресінің 255-аяты «Аятүл-Курси» жазылған:

"الله لا إله إلا هو الحي القيوم لا تأخذه سنة ولا نوم له ما في السموات وما في الأرض من ذا الذي يشفع عنده إلا بإذنه"

«Алла (Т.), Одан басқа еш тәңір жоқ. Ол тірі, толық меңгеріп тұрушы, Ол қалғымайды

да ұйықтамайды. Көктердегі және жердегі нәрселер Оған тән. Оның хұзырында өзінің рұхсатынсыз кім шапағат етеді?»

екінші жағында:

"يعلم ما بين أيديهم وما خلفهم ولا يحيطون بشيء من علمه إلا بما شاء وسع كرسيه السموات والأرض ولا يؤوده حفظهما وهو العلي العظيم"

«Олардың алдарындағыны да, арттарындағыны да біледі. Олар, Оның қалауынан басқа еш нәрсе білмейді. Оның күрсісі (білімі) көктер мен жерді сыйдырады. Оған, ол екеуін қорғау ауыр келмейді. Және Ол, өте биік, аса зор» (2:255).

Әскери жараққа Құран мәтінінің жазылуы ең алдымен оның діни сенімді білдіру, апотропейлік қызметімен байланысты. Ислами дүниетанымында қорғаушы мәнге ие бұл аяттың мағынасы қару иесіне Алладан медет пен қорған сұрауды білдіреді, яғни сенімнің негізі мен қорғау идеясын білдіретін екі мағына бір-бірінің мағынасын толықтырып тұр. «Аятүл-Курси» мен «Ықылас» сүресінің ортасында – күмбездің мандайы, арты және екі жағында төрт өрнекті жазу берілген:

"ناد عليا مظهر العجائب تجده عونا لك في النوائب كل هم وغم سينجلي"

Мағынасы: «Әлиді шақыр – (ол) ғажайыптарды көрсетуші. Оны барлық қиындық, қорқыныш пен қайғыдан құтқаратын жәрдемші ретінде табасың». Бұл – ислам әлемінің Иран мен Орта Азия аймақтарында кең тараған, жәрдем сұрау мақсатында қолданылатын "ناد" (Нади Әли) дұғасы. Осыған байланысты ҚР Ұлттық орталық музейі қорындағы бұл дулыға тарихи және мәдени құндылығымен қатар, араб қолжазба дәстүрі үшін бір бұйымда бір мезгілде Құран аяттары мен дұға мәтінінің каллиграфиялық дәстүрмен берілуін қамтитын бірегей композициялық құрылым ретінде бағалы.

4-сурет



3. Кездік. КП2044. Музей қорындағы дәстүрлі жауынгерлік кесу қаруларының бірі кездік. Сүйексапты кездіктің басының екі жағына Құран мәтіні, «Аятул-Курси» (2:255) каллиграфиялық тәсілмен бөлініп жазылған. Бірінші жағында *Сурет-5*:

"الله لا إله إلا هو الحي القيوم لا تأخذه سنة ولا نوم له ما في السماوات وما في الأرض من ذا الذي يشفع عنده إلا بإذنه"

«Алла (Т.), Одан басқа еш тәңір жоқ. Ол тірі, толық меңгеріп тұрушы, Ол қалғымайды да ұйықтамайды. Көктердегі және жердегі нәрселер Оған тән. Оның хұзырында өзінің рұхсатынсыз кім шапағат етеді?»

5-сурет



екінші жағында 6-сурет:

"يعلم ما بين أيديهم وما خلفهم ولا يحيطون بشيء من علمه إلا بما شاء وسع كرسيه السماوات والأرض ولا يؤوده حفظهما وهو العلي العظيم"

«Олардың алдарындағыны да, арттарындағыны да біледі. Олар, Оның қалауынан басқа еш нәрсе білмейді. Оның күрсісі (білімі) көктер мен жерді сыйдырады. Оған, ол екеуін қорғау ауыр келмейді. Және Ол, өте биік, аса зор» (2:255).

6-сурет



Бұл бұйымда «Аятул-Курсидің» қолданылуы ислам мәдениетіндегі эпиграфикалық дәстүрдің мазмұндық және функционалдық ерекшеліктерін анық көрсетеді. Каллиграфияның араб қолжазба дәстүрінде артефактінің көркемдік құндылығын арттырумен қатар, мәтіннің семантикасын күшейтетін ерекшелігі бар. Осы тұрғыдан кездік сияқты дәстүрлі шағын қарудағы Құран аяты сәндік элемент түрінде ғана емес, қорғау, қаруды әділ және адал мақсатта қолдану, рухани қолдау идеяларын қатар білдіретін терең мағыналы эпиграфикалық мәтін ретінде қарастырылып отырған сала үшін бірегей мысал болып табылады.

Құранның «Аятул-Курси» аятының дулыға, кездік сияқты әртүрлі қару-жараққа жазылуын оның ислам дәстүріндегі апотропейлік қызметімен байланыста қарастырған дұрыс. Аяттың негізгі мағынасы Алланың ерекше сипаттары: жалғыздығы, мәңгі екендігі, құдыретінің шексіздігі және жаратылыс атаулыға үстемдігі жайлы болғандықтан, мұсылман халықтары дүниетанымындағы дәрежесі ерекше болған. Адамды түрлі қауіптен, жамандық пен тіл-

көзден сақтайды деген сенімге сай әскери жараққа жазудың оған қосымша күш үстеуді ғана емес, қару иесін қорғау, жәрдем беру, медет сұрау мазмұнындағы символдық мәні басым болғанын көрсетеді.

Эпиграфикалық тұрғыдан «Аятул-Курсидің» дулығаға жазылуы әскер адамын қорғау идеясын танытса, кездік немесе қанжарда берілуі қарудың иесіне оны әділ жолда қолданылуын ескертумен қатар, жеңіске деген үміт пен сенімді байқатады. Бұдан аяттың эпиграфикалық дәстүрде қорғаныштық, әрі діни-символдық қызмет атқарғаны айқындалады.

4. Қылыш. КП920. 1916 жылғы Торғай көтерілісшілерінің қаруы. *Сурет-7.* Басы біржүзді, орташа қайқы, сайы жоқ, ұшына қарай біркелкі жіңішкерген, басының оң жағында қалқанша ішінде араб әрпімен жазылған таңбасы бар. Жактаудың ішіндегі мәтін: *قِرْجَاقُ / بای ۱۲۸۵*. Қыржақ бай 1285 (1869 ж.) *Сурет-8.* Қарудың жасалу мерзімі мен иесінің аты берілген. Бұл қылыш үлгісі қару-жараққа араб графикасымен түскен жазудың әртүрлі тілде және әр мақсатта жазылған мәтін болуы мүмкін екенін көрсетеді.

7-сурет



8-сурет



Өлкетанушы ғалым Рычков П. өз зерттеулерінде батырлардың ғана емес, қарапайым халықтың да әскери киімінде аурудан және жаудың қаруынан қорғайтын дұға сақталатын қосымша қалтаның болатыны жөнінде дерек келтірген (Рычков, 1896:23). Бұл тәрізді деректер Құран мәтінінің әскери мәдениеттегі прагматикалық қызметін анықтайды. Құран аяттары мен дұғалардың қару-жараққа түсірілуі оның иесінің діни ұстанымын айғақтаумен қатар, қаруға қорғаушы және жеңіске жеткізуші

сакралды күш дарытады деген сенімге негізделген. Бұл ерекшелік араб графикасымен жазылған кез келген мәтіннің тек эстетикалық сипатпен шектелмей, апотропейлік және діни-символдық мәнге ие болғанын дәлелдейді.

Қару-жарақтардағы мәтіннің репрезентативтік қызметі қарудың мәртебесін арттыру, иесінің әлеуметтік дәрежесін таныту, араб каллиграфиясы дәстүрін таратумен байланысты болғандықтан өз алдына ғылыми зерттеу пәні бола алады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейінің «Қару-жарақ және қорғаныс жабдықтары» коллекциясында сақталған қару-жарақ үлгілері араб графикасымен жазылған мәтіндердің деректанулық және эпиграфикалық

тұрғыдан араб қолжазба дәстүрі мен әскери мәдениет тарихы үшін бірегей мәнге ие екеніне дәлел. Жеке талдау барысында әр артефактідегі мәтін жазылу мақсаты мен мазмұнына сай дербес қызмет атқаратыны анықталады 1-кесте:

1-кесте

№	Артефакт	Мәтін	Жазу	Қызметі
1.	Қанжар	Діни формула	Алланы еске алу	Апотропеикалық репрезентативтік
		Бәйіт	Діни-этикалық насихат	Дидактикалық
2.	Дулыға	Құран аяты	Алладан қорған тілеу	Апотропеикалық
		Дұға	Жәрдем және жеңіс тілеу	Апотропеикалық
3.	Кездік	Құран аяты	Алладан қорған тілеу	Апотропеикалық
4.	Қылыш	Есім, дата	Иесін атау, жасалған уақытын көрсету	Иелік таныту

Қорытынды

Қару-жарақ шығыс халықтарының қай-қайсысы болмасын оның тарихы пен мәдениеті үшін үлкен құндылық. Әскери жарақ, сауыт-сайман түрлерін тек соғыс қаруы ғана емес, ұлттық мәдениет пен дәстүрде атқаратын қызметі тұрғысынан зерттеу кез келген ұлттың этнографиясын танып-білуге маңызды дереккөз ретінде жол ашады. Бұл мақалада қарастырылған зерттеу материалдары ғылыми тұрғыдан ғасырлар бойы түрлі қоғамдық процестер аясында қалыптасып дамыған әскери мәдениет пен араб қолжазба дәстүрінің көпқырлы феномен деген тұжырымды бекіте түседі.

Қару-жарақтарға жазылған мәтіндерді жеке эпиграфикалық құбылыс ретінде емес, араб қолжазба мәдениетінің ажырамас бөлігі, әрі жалғасы ретінде қарастыру қажет. Жүргізілген зерттеу барысында анықталғандай, бұл тақырып Қазақстандағы музейлік материал негізінде әлі толық зерделенбеген бағыттардың бірі болып қалып отыр. Қару-жарақтарды араб қолжазба дәстүрі мен ислам мәдениетіндегі сакралды мәтінді сақтап, таратушы декреккөз ретінде зерттеу теориялық және практикалық тұрғыдан ғылымға қажетті мол мәлімет береді.

Сонымен қатар, қару-жарақтағы араб графикасындағы жазудың барлығы бірдей оның салтанатты немесе діни бұйым екендігін білдірмейді. Қылыштағы жазу үлгісіндегідей, музей жәдігерлері арасында иелік немесе

әкімшілік мақсаттағы мәлімет сақтаған әскери бұйымдар бар, сол арқылы қарудың қызметі анықталады. Араб графикасы ислам мәдениеті мен араб қолжазба дәстүріне ортақ болғандықтан, қару-жарақтағы араб графикасындағы мәтіндердің араб тілімен қатар, парсы, шағатай тілдерінде немесе қадым және төте жазумен берілген қазақ тілінде де болуы заңды. Бұл – араб-мұсылман өркениетінің территориялық және хронологиялық тұрғыдан терең мазмұнын айқындайтын факторлардың бірі. Ол осы зерттеу нысанына алынып отырған саланың терең мәнімен бірге болашақ ғылыми ізденістердің ауқымы мен жауапкершілігін айқындайды.

Қаржыландыру: №BR28712621 «Қазақстанның қолжазба мұрасы: реестрлеу, реставрациялау, ғылыми каталогтау, цифрландыру және кешенді кодологиялық зерттеу» жобасы аясында жазылды.

Авторлар үлесі

1-автор: тұжырымдаманы әзірлеу, формалды талдау, зерттеу жүргізу, әдіснаманы әзірлеу, жобаны басқару, материалдарды жинақтау, мақаланың бастапқы нұсқасын жазу, мәтінді тексеру және редакциялау.

2-автор: деректерді жүйелеу, материалдарды жинақтау, зерттеу жүргізу, қаржыландыруды тарту, ресурстармен қамтамасыз ету, нәтижелерді визуализациялау.

Әдебиеттер

- Ахметжан Қ. *Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы*. – Алматы: Алматыкітап, 2022. – 216 б.
- Ахметжан К.С. Казахские традиционные ножи // *Великая степь: военная история: материалы научно-практической конференции*. – Алматы, 14 декабря 2016 г. – С. 24-33.
- Alexander D.G. *Islamic Arms and Armor in The Metropolitan Museum of Art*. New York: The Metropolitan Museum of Art, 2015.
- Әлімбаев Н. Отандық музейдің ғылыми-зерттеу институтының құрылым ретіндегі мәртебесі // *Орталық музей еңбектері*. – Алматы: Балалар әдебиеті, 2009. – II басылым. – Б. 13-20.
- Blair S.S., Bloom J.M. *The Art and Architecture of Islam 1250-1800*. – New Haven; London: Yale University Press, 1994. – 448 p.
- Белтенев Ж.М. Ескі жәдігерлердегі арабграфиялық эпиграфикалық деректер (ҚР MOM материалдары негізінде) // *Отан тарихы*. – 2022. – № 3 (99). – Б. 5-18. https://doi.org/10.51943/1814-6961_2022_3_5
- Бобров Л.А. Военное искусство казахов 20-х гг. XVIII в. // *Бұланты шайқасы: зерттеулер тарихы*. – Ұлытау, 2015. – 210 с. «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайы/
- Бобров Л.А., Агатай У.М., Хасенов С.С. Кольчатое наголовье второй половины XVI- середины XIX вв. из собрания Национального музея Республики Казахстан // *Материалы по археологии и истории античного и средневекового Причерноморья*. – 2024. – № 16. – С. 670-689.
- Бобров Л.А., Худяков Ю.С. *Вооружение и тактика кочевников Центральной Азии и Южной Сибири в эпоху позднего Средневековья и раннего Нового времени (XV- первая половина XVIII в.)*. – Санкт-Петербург: Филологический факультет СПбГУ, 2008. – 776 с.
- Калиева Ш.С., Мустафаева А.А. Шығыстану ғылымының деректанулық сипаты және Қазақстанда араб дереккөздерін зерттеудің бағыттары мен міндеттері // *Қазақстан шығыстануы*. – 2025. – Т. 13. – № 1. <https://doi.org/10.63051/kos.2025.1.230>
- Kadoi Y. Review of *Fighting, Hunting, Impressing: Arms and Armour from the Islamic World 1500-1850*, ed. by Kjeld von Folsach, Joachim Meyer and Peter Wandel // *Abstracta Iranica*. – 2022. – Vol. 44. – Document 1. <https://doi.org/10.4000/abstractairanica.54904>
- Крачковская В.А. Задачи арабской эпиграфики // *Труды Института востоковедения АН СССР*. – Т. IV. – Москва, Ленинград. Издательство Академии Наук СССР, 1937. – 128 с.
- Крачковский И.Ю. *Над арабскими рукописями: листки воспоминаний о книгах и людях*. – Москва: Книжный дом «Либроком», 2015. – 168 с.
- Құран Кәрім. *Қазақша мағына және түсінігі*. Аударған Халифа Алтай. – Құран Шәриф басым комбинаты. Медине, 1991. – 604 б.
- Mustafayeva A., Kaliyeva Sh., Mukhitdinov R., Paltore Y. The Formation and Evolution of Islamic Studies Educational Program in Kazakhstan through the Integration of Local Culture and Secular Principles // *Ulumuna*. – 2025. – Vol. 29, No. 1. – P. 543-574. <https://doi.org/10.20414/ujis.v29i1.1458>
- Nicolle D. A Khanjar of Ibrāhīm Ibn Ilyās Ibn Asad Ibn Sāmān dated 246 AH // *Arms & Armour*. – 2022. – Vol. 19. – No. 2. – P. 127-144. <https://doi.org/10.1080/17416124.2022.2055315>
- Рычков П.И. *История Оренбургская (1730-1750)*. – Оренбург: Изд. Оренбургского губернского статистического комитета, 1896. – 95 с.
- Халидов А.Б. *Арабские рукописи и арабская рукописная традиция*. – Москва: Главная редакция восточной литературы, 1985. – 314 с.
- Худяков Ю.С. *Вооружение центральноазиатских кочевников в эпоху раннего и развитого средневековья*. – Новосибирск: Наука. Сибирское отделение, 1991. – 190 с.
- Шоқпарұлы Д. *Қазақтың қолөнері*. – Алматы: Өнер, 2005. – 176 б.

References

- Akhmetzhan, K. (2022). *Qazaqtyn dasturli qaru-zharagynyn etnografiyası* [Ethnography of Traditional Kazakh Weapons]. Almaty: Almatykitap. 216 p.
- Akhmetzhan, K. (2016). Kazakhskie traditsionnye nozhi [Traditional Kazakh Knives]. In: *Sbornik materialov nauchno-prakticheskoi konferentsii "Velikaya step': voennaya istoriya"* [Proceedings of the Scientific and Practical Conference "The Great Steppe: Military History"]. December 14, 2016. P. 24-33.
- Alexander D.G. *Islamic Arms and Armor in The Metropolitan Museum of Art*. New York: The Metropolitan Museum of Art, 2015.
- Alimbai, N. (2009). Otandyq muzeidin gylymi-zertteu institutynyn qurylym retindegi martebesi [The Status of the National Museum Research Institute as a Scientific Structural Unit]. In: *Ortalyq muzei enbekteri* [Proceedings of the Central Museum]. Vol. II. Almaty: Balalar adebieti. P. 13-20.
- Beltenov, Zh.M. (2022). Eski zhadigerlerdegi arabgrafikalıyq epigrafikalıyq derekter (QR MOM materialdary negizinde) [Arabic Epigraphic Data on Ancient Artifacts (Based on the Materials of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan)]. *Otan Tarihy*, 3(99), 5–18. https://doi.org/10.51943/1814-6961_2022_3_5
- Blair, S. S., Bloom, J. M. (1994). *The Art and Architecture of Islam 1250-1800*. New Haven; London: Yale University Press, 1994. - 448 p.

Bobrov, L.A. (2015). Voennoe iskusstvo kazakhov 20-kh gg. XVIII v. [Military Art of the Kazakhs in the 1720s]. In: *Bulanty shaiqasy: Zertteuler tarihy* [Bulanty Battle: History of Research]. Ulytau: "Ulytau" ulttyq tarikhi-madeni zhane tabigi qoryq-muzhaiy. 210 p.

Bobrov, L.A., Agatai, U.M., Khasenov, S.S. (2024). Kol'chatoe nagolov'e vtoroi poloviny XVI - serediny XIX vv. iz sobraniya Natsional'nogo muzeya Respubliki Kazakhstan [Mail Head Protection of the Second Half of the 16th – Mid-19th Century from the Collection of the National Museum of the Republic of Kazakhstan]. *Materialy po Arkheologii i Istorii Antichnogo i Srednevekovogo Prichernomor'ya*, 16, 670–689.

Bobrov, L.A., Khudyakov, Yu.S. (2008). *Vooruzhenie i taktika kochevnikov Tsentral'noi Azii i Yuzhnoi Sibiri v epokhu pozdnego Srednevekov'ya i rannego Novogo vremeni (XV - pervaya polovina XVIII v.)* [Weapons and Tactics of the Nomads of Central Asia and Southern Siberia in the Late Middle Ages and Early Modern Period (15th - First Half of the 18th Century)]. St. Petersburg: Filologicheskii fakul'tet SPbGU. 776 p.

Kadoi, Y. (2022). Review of *Fighting, Hunting, Impressing: Arms and Armour from the Islamic World 1500-1850. Abstracta Iranica*, 44, Document 1. <https://doi.org/10.4000/abstractairanica.54904>

Krachkovskaya, V.A. (1937). Zadachi arabskoi epigrafiki [Tasks of Arabic Epigraphy]. In: *Trudy Instituta vostokovedeniya* [Proceedings of the Institute of Oriental Studies]. Vol. IV. Moscow: Academy of Sciences of the USSR. P. 128.

Krachkovskii, I.Yu. (2015). *Nad arabskimi rukopisiami: Listki vospominanii o knigakh i lyudyakh* [Among Arabic Manuscripts: Memoirs about Books and People]. Moscow: Librokom. 168 p.

Kaliyeva, Sh.S., Mustafayeva, A.A. (2025). Shygystanu gylmynyn derektanulyq sipaty zhane Qazaqstanda arab derekkozderin zerteudin bagytтары мен mindetteri [Source Studies in Oriental Studies and the Directions and Tasks of Research on Arabic Sources in Kazakhstan]. *Qazaqstan Shygystanuy*, 13(1). <https://doi.org/10.63051/kos.2025.1.230>

Quran Karim. (1991). *Qazaqsha magynasy zhane tusinigi* [The Holy Quran. Kazakh Translation and Commentary]. Trans. by Khalifa Altai. Medina: Quran Sharif Basym Kombinaty. 604 p.

Mustafayeva, A., Kaliyeva, Sh., Mukhitdinov, R., Paltore, Y. (2025). The formation and evolution of Islamic studies educational program in Kazakhstan through the integration of local culture and secular principles. *Ulumuna*, 29(1), 543-574. <http://dx.doi.org/10.20414/ujis.v29i1.1458>

Nicolle, D. (2022). A Khanjar of Ibrāhīm Ibn Ilyās Ibn Asad Ibn Sāmān dated 246 AH. *Arms & Armour*, 19(2), 127-144. <https://doi.org/10.1080/17416124.2022.2055315>

Rychkov, P.I. (1896). *Istoriya Orenburgskaya (1730–1750)* [History of Orenburg (1730-1750)]. Orenburg: Orenburg Provincial Statistical Committee. 95 p.

Khalidov, A.B. (1985). *Arabskie rukopisi i arabskaya rukopisnaya traditsiya* [Arabic Manuscripts and the Arabic Manuscript Tradition]. Moscow: Glavnaya redaktsiya vostochnoi literatury. 314 p.

Khudyakov, Yu.S. (1991). *Vooruzhenie tsentral'no-aziatskikh kochevnikov v epokhu rannego i razvitogo srednevekov'ya* [Weapons of the Central Asian Nomads in the Early and High Middle Ages]. Novosibirsk: Nauka. Sibirskoe otделение. 190 p.

Shoqparuly, D. (2005). *Qazaqtyn qoloneri* [Kazakh Traditional Crafts]. Almaty: Oner. 176 p.

Авторлар туралы ақпарат:

Калиева Шынар Саяхатовна – доцент, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті.

Белтенев Жасулан Мазулаевич – ҚР Ұлттық орталық музейі, Музейлік деректану және кітапхана бөлімінің жетекшісі.

Information about the authors:

Kaliyeva Shynar Sayahatovna – Associate Professor, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak.

Beltenov Zhassulan – Head of the Department of Museum Documentation and Library, National Central Museum of the Republic of Kazakhstan

Сведения об авторах:

Калиева Шынар Саяхатовна – доцент, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак.

Белтенев Жасулан Мазулаевич – руководитель отдела музейного источниковедения и библиотеки Национального центрального музея Республики Казахстан.

Келін түсті 17 шілде, 2026 жыл
Қабылданды 30 шілде, 2026 жыл